2. Смирнов С.И. Современный урок истории [Электронный ресурс]. - URL: <http://cpkskolpino.spb.ru/> (дата обращения: 18.01.2015).

Алматы облысы, Іле ауданы, Ақши ауылы
№8 орта мектеп
Ағылшын тілі пәні мұғалімі, педагог-модератор
Джолдикараева Феруза Едиловна



АҒЫЛШЫН ТІЛІ ПӘНІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі қоғамда көптеген ғалым профессорлар оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуда мына мәселелерді негізге алады: біріншісі – мазмұнның жаңартылуы, бұрын жария етілген фактілерді жаңаша сипаттау, хабарланып отырған материалға тарихи бағдар беру, ілімнің практикалық мәнін ашып көрсету және ғылымның соңғы жаңалықтарын, табыстарын жүйелі баяндау, екіншісі - өз бетінше істедудің әркімге тән түрлеріне негізделген, проблемалық тұрғыдан қолға алған материалды зерттеуге және оқушының шығармашылық, практикалық жұмыстарына бағытталған оқыту тәсілдері, үшіншісі – оқушының қабілеттерін ұштау, мұғалімнің оқушыға көмек беруге дайын тұруға, олардың күш – мүмкіндіктеріне қолдау көрсету қабілеті, талап қоюшылығы мен адалдығы, балаларды көтермелей білу, сондай ақ оқушылардың өзара бәсекесіне көмек көрсете білу қасиеті. Оқушылардың танымдық белсенділігін ізденімпаздылығын арттыру үшін оқу үрдісі оларды қанағаттандыратындай ұйымдастырылуы қажет. Қазіргі сабақта мұғалім оқу процесіне әртүрлілік әкелетін, оқушылардың пәнге деген шынайы қызығушылығын тудыратын, олардың ағылшын тілі саласындағы білімдерін кеңейтетін, оқушыларды оны оқудың пайдасы туралы қорытындыға әкелетін және шет тілінде қарым-қатынасқа деген табиғи қажеттіліктің пайда болуына ықпал ететін оқытудың әртүрлі формаларын қолдана алады.

Танымдық іс – әрекетті қалыптастырудың негізгі жағдайлары:

- оқытудың мазмұны, ғылым мен техниканың соңғы табыстары, бұрыннан білетін мағлұматтың жаңа қырынан ашылуы;

- оқушылардың таным әрекетін ұйымдастыру формалары, құралдарын және әдістерін жетілдіру.

Бұған жататындар сабақта қолданылатын көрнекі құралдардың тиімділігін арттыру, танымдық ойындар ұйымдастыру, пәнаралық байланыстарды тудыру, оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстарын тиімді ұйымдастыру, білім тексеру мен бағалаудың алуан түрлерін ұтымды пайдалану арқылы оқытудағы кері байланысты жетілдіру.

- Мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы арасындағы қарым - қатынасты сыйластық ізеттілік түрінде орнатып, жүрек жылынуының болуын қамтамасыз ету. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділігін және қызығушылығын арттыру үшін мұғалім келесі әдіс - тәсілдерді қолдануына болады:

1. Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау.
2. Арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру.
3. Оқушылардың логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешу (сөзжұмбақ, құрастырмалы ойындар).
4. Берілген тапсырманы түрлендіру бағытындағы жұмыс (кері есеп құрастыру, мәтін мазмұнын өңдеу, шығарма, шағын әңгіме мәтінін құру т. б.).
5. Әңгіменің ұқсастығын салыстыру бөліктерге бөлу, ат қойғызу.
6. Қиялдау арқылы сурет салғызу, рөлге бөліп оқыту.
7. Ұнатқан кейіпкерлерге мінездеме беру.
8. Мәтін, ертегі, әңгімені өз бетінше аяқтау.

Ағылшын тілі сабағында оқушылардың коммуникативтік құзіреттілігін дамытуда оқытудың сан алуан әдіс-тәсілдермен технологияларды қолдану сапалы, жаңашыл білім беруде үлкен рөл атқарады.

Ынтымақтастық оқу- бұл оқыту мен оқу тәсілі, аталған тәсіл проблемаларды шешу, тапсырмаларды орындау немесе әлдебір өнім жасау үшін оқушылар тобының бірлесіп жұмыс істеуін білдіреді. Ынтымақтастық оқу оқуды табиғи әлеуметтік әрекет ретінде қабылдауға негізделген, оған қатысушылар бір-бірімен әңгімелеседі, және осы әңгімелесу арқылы білім алады. Педагогикалық ынтымақтастық оқу тәсілдерінің саны жеткілікті, бірақ та бірлескен оқу үдерісінің негізгі сипаттамаларының бірі:

- Оқу оқушылардың әңгімелесу кезінде әлеуметтік ортасы жағдайында жетіледі. Осы зияткерлік жаттығу кезінде оқушылар ой- пайымдарының негізін құрап, мәнін ұғады.

- Оқудың ынтымақтастық ортасында оқушылар әлеуметтік және эмоционалдық тұрғыдан да дами түседі, өйткені олар түрлі көзқарастарды тыңдап, өз идеяларын айтуға және қорғауға мәжбүр болады. Мұндайда оқушылар сарапшылардың немесе мәтін аясында шектеліп қалмай, өздерінің ерекше тұжырымдамалық түсініктерін құруды бастайды. Осылайша ынтымақтастық оқу жағдайында оқушылар құрбы құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауға, идеяларды ұсынуға және қорғауға, әртүрлі ұстанымдармен алмасуға, басқа тұжырымдамаларға күмәнмен қарауға және оған белсенді қатысуға мүмкіндік алады. Бірлескен оқу- мозаикалық оқыту әдісі- бұл оқытуды құрылымдаудың, сондай-ақ жұмыс көлемін бөлудің пайдалы техникасы. Мозайка атауының мағынасында жатқандай, топтың әр мүшесінен жалпы тапсырманың нақты бір бөлігін оқып әрі орындау кезінде жауапты болуын талап етеді. Содан кейін топтың әр мүшесі жалпы тапсырманы аяқтау үшін бастапқы тобына қайта оралады.

Оқушылардың табысты танымдық белсенділігінің кепілі-ағылшын тілі сабақтарының дәстүрлі емес формалары болып табылады. Мұндай сабақтар ерекше, дәстүрлі емес жағдайда өтеді. Шет тілі сабағының дәстүрлі емес нысандары топтың / сыныптың барлық оқушыларының міндетті қатысуымен жүзеге асырылады, сондай-ақ есту және визуалды көрнекілік құралдарын міндетті түрде қолдана отырып жүзеге асырылады. Сабақта оқушылар белгілі бір мөлшерде білім алып қана қоймай, зерттелетін тіл туралы түсінік қалыптастырады; Әдістемелік тұрғыдан тиімділігі жоғары:

- сабақ - спектакль - «St.Valentine's day», «Halloween»;
- сабақ-мереке - «St.Valentine's day», «Halloween»;
- бейне сабақ - «Aladdin»;
- сабақ-экскурсия - «In and around St. Petersburg», “My native place”
- сабақ - сұхбат - «At the travel agency»
- сабақ-ойын - Who will be the last?
- сабақ-пікірталас- Why is it interesting to live in our place?
- сабақ-саяхат - «Visiting London»;

Сондай – ақ «Қайда, қашан?», «Суретке қарап әңгіме құра», «Ойлан тап?», «Мәтін мазмұнына қарап сурет сал» т. б. ойындар балаларды ауызекі сөйлеуге төселдіріп, сөздік қорын молайтып, тілін дамытуға арналған. Мысалы: «Қайда, қашан?» ойынын сабақ барысында сұрақ - жауап әдісін қолдану арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыруға болады.

«Our house» ойыны. Топ өздері тұрғысы келетін үйдің сұлбасын сызады немесе суретін салады. Одан кейін осы үйді салу үшін материалдарды анықтап алады. Осылайша ойын өмірмен байланыста болып, оқушы құзыреттілігін дамытуға септігін тигізеді. Менің сабақ барысында пайдаланатын кейбір ойындардың үлгілері: «Milling» – «Сыңарыңды тап» жаттығуы. Бұл жаттығуды кезкелген пән сабағында қолдануға болады. Оқушылар екі топқа бөлінеді. «А» және «В» тобы. Өтілген тақырып бойынша бір топқа оқиғаның аты, ал екінші топқа – оқиғаның мән-жайы жазылған карточкалар беріледі. Олар сынып бөлмесінде еркін жүріп өз сыңарларын табу керек. «Сөйлемді аяқта...» . Бұл жаттығуды да кезкелген пән сабағында қолдануға болады. Оқушылар екі топқа бөлінеді. «А» және «В» тобы. Өткен тақырып бойынша бір топқа сөйлемнің басы, екінші топқа сөйлемнің аяқталуы беріледі, олар сынып бөлмесінде еркін жүріп өз сыңарларын табу керек.

Қорытындылай келе, жаңа стандарт оқу нәтижелеріне жаңа талаптар қойып, сабаққа жаңа көзқараспен қарауға, жаңа шығармашылық идеяларды енгізуге мүмкіндік берді деп айтқым келеді.

Ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың көптеген әдістері бар. Мұғалімнің шеберлігі балалардың жасына және қызығушылығына, зерттелетін материалға және оқушылардың белгілі бір дағдыларының қалыптасуына байланысты қажетті әдісті таңдау қабілетінен тұрады.

Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы
«Шелек ауылындағы гимназия» КММ
Педагог-дефектолог
Узакова Назгуль Токтасыновна



МҰҒАЛІМ-ДЕФЕКТОЛОГТІҢ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ НЕЙРОГИМНАСТИКАНЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Қазіргі замануи педагогикада баланы, оның шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға арналған көптеген технологиялар, әдістер, бағдарламалар бар. Айта кету керек, баланың қабілеті мен жетістігі оның психологиялық және физикалық денсаулығына байланысты. Балаларды оқытудың жетістігі көбінесе жартышараралық байланыстардың дер кезінде дамуына байланысты, ал дамудың өнімді кезеңі ми қыртысы әлі толық қалыптаспаған мектепке дейінгі жасқа келеді.

Таңертеңгілік жаттығулардың адам ағзасына тигізер пайдасы туралы бәрі біледі, бірақ жаттығу адам ағзасына ғана емес, миға да қажет.

Нейробика немесе нейрогимнастика - орындауға оңай бірқатар жаттығулардан тұрады, сондықтан балалар да, ересектер де оны күнделікті өміріне қауіпсіз түрде енгізе алады. Жаттығуды кез келген уақытта бір жерге байланбай өткізуге де ыңғайлы. Бұл жаттығулар жиынтығы мидың жарты шарларының өзара әрекеттесуін күшейтуге бағытталған. Баланың зияткерлік қабілеттері мен шығармашылық қабілетінің дамуы белгілі бір қозғалыстарды орындау арқылы жүзеге асады, бұл миға арналған гимнастиканың мәні.

Барлығымыз білетіндей, ми екі жарты шардан тұрады. Әрбір жарты шар белгілі бір әрекеттер мен операциялардың орындалуын реттейді, бірақ олардың екеуі бірге жұмыс істегенде ғана максималды өнімділікке қол жеткізіледі. Миға арналған гимнастика дәл осы мақсатқа жетуге мүмкіндік береді. Балаларда жарты шараралық өзара әрекеттестік неғұрлым жақсы дамыған болса, оларға мұғалімнің тапсырмаларын орындау оңайырақ болады, олардың оқу үлгерімі де соғұрлым жоғары болады.

Қазіргі уақытта технологияның қазіргі балалардың когнитивтік процестеріне әсері аз зерттелген, бірақ көптеген психологтар мен педагогтар ассоциативті байланыстарды құру қабілетінің нашарлауын, көкжиектің төмендеуін, абстрактілі ойлау мен шоғырланудың қиындығын атап өтеді. Бұл танымдық функциялар мектептегі оқу процесінде өте маңызды.

Педагогтар мен ата-аналар алдында танымдық қабілеттерді жетілдіру жаңа міндеті тұр. Танымдық (когнитивті) процестерді дамытуға ықпал ететін, шаршауды азайтатын және балаларға қызықты болатын жаттығулар кешенін табу қажет.

Бұл мақалада біз оқыту процесінде нейрогимнастиканың тиімділігін анықтау мақсатын қойдық.

Адам психикасында болатын танымдық (когнитивті) процестер – ақпаратты қабылдау, сақтау, өңдеу және жеткізуге байланысты операциялардың жиынтығы. Когнитивті процестер адамға келетін ақпаратты өңдеудің ең тиімді әдістерін табуға бағытталған когнитивтік психологияның пәні болып табылады. Жыл сайын әлемде ақпарат көлемі 30%-ға артады, сондықтан оны тезірек және тиімді игеру қажеттілігі де артып келеді. Когнитивті психология адам психикасының қалай жұмыс істейтінін түсінуге бағытталған. Танымдық гимнастиканың зерттелуі мен дамуының бастауын 70-жылдары американдық ғалым Пол И. Деннис қалады. Бастапқыда бұл жаттығулар оқуда қиындықтары бар балаларға арналған. Жаттығулар кешені жүйке байланыстарын нығайтуға, психоэмоционалды жағдайды жақсартуға және жарты шараралық байланыстарды қалпына келтіруге көмектесті. Бұл экспериментке арнайы мектептен

19 оқушы қатысты. Әр оқушы жаттығуларды күнделікті 10-15 минуттан орындады. Білім алушылардың жыл бойы үлгерімі шамамен 50% құрады. Тапсырмаларды орындауда шоғырлану деңгейі, оларды орындау сапасы айтарлықтай артты. Сондай-ақ бұл жаттығулар балаларды шаршатпай, бұл мектеп жасына дейінгі балалармен және бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс істеуде маңызды фактор болып табылады.

Кейін оның жаттығулар кешені оңалту орталықтарына енгізілді. Медицина қызметкерлері инсульттан және әртүрлі бас жарақаттарынан аман қалған адамдарға көмектесу үшін гимнастиканы қолданды. Алынған деректер жарты шараралық байланыстарды, ұсақ және жалпы моториканы қалпына келтіру процесінде оң динамика көрсетті.

Пол Деннисон жасаған жүйеге келесі сорттар кіреді:

- Дененің орта сызығын кесіп өтетін қозғалыстар. Бұл топтың жаттығулары қолдың, аяқтың және көздің бір мезгілде әрекетіне бағытталған (барлық жұпталған органдар қатысады). Мұндай қозғалыстар мидың екі жарты шарының жұмысын белсендіруге көмектеседі, бұл үйлестіруге, тепе-теңдікке және кеңістікті бағдарлауға пайдалы әсер етеді.

- Энергетикалық жаттығулар. Өзін-өзі реттеу мен зейінді жақсарту, сонымен қатар саналы оқу жылдамдығын арттыру.

- Созылу қозғалыстары. Ұзақ уақыт бойына зейінді сақтау, сіңірлерді босаңсу, сонымен қатар бұлшықет кернеуінен арылу дағдыларын дамытуға бағытталған.

- Позитивті ойлауды тереңдетуге бағытталған жаттығулар. Өзін-өзі бақылауға және жүйке процестерін тұрақтандыруға бағытталған. Зейін мен есте сақтауды белсендіріп, стресстік жағдайда тыныштықты сақтауға көмектеседі.

Білім беру кинезиология ұйымы 1987 жылы Америкада құрылды (кинезиология – қозғалыс арқылы миды дамыту туралы ғылым). Осы уақыттан бастап ми гимнастикасы бүкіл әлемге тарай бастады және жалпы білім беретін оқу орындарында да, арнайы оқу орындарында да оқушылардың дамуына тамаша нәтижелер әкелді. Кинезиология тәжірибесін қолданатын барлық педагогтар барлық жастағы адамдарда ерекше жетістіктерді атап өтеді. Өкінішке орай, бұл тәжірибе негізінен дамуында артта қалған, әртүрлі логопедиялық мәселелері бар және аса ауыр психикалық, физикалық бұзылыстары бар балалармен жұмыс істегенде жиі кездеседі. Бұл гимнастиканы қолданудың маңызды факторы жаттығуларды дәл және жүйелі түрде орындау болып табылады. Бұл жаттығуларды шағын топтарда қолдану тиімдірек, мұғалімге оқушылардың іс-әрекетін бақылауға және түзетуге мүмкіндік береді.

Нейрогимнастиканың көптеген артықшылықтары бар: жүйке жүйесінің жағдайын, жаңа ақпаратты қабылдауды және есте сақтауды жақсарту; танымдық қабілеттерін (есте сақтау, ойлау, зейін) дамыту; мидың жасырын қабілеттерін ашу, мидың екі жарты шарының жұмысын синхрондау; көңіл-күйді жақсарту; қорқыныштан, қобалжулардан және уайымдардан арылу; эмоцияларды басқара алу: агрессия көріністерін бақылау; есте сақтау және ақыл-ой белсенділігінің дамуын ынталандыру; ұсақ және жалпы моториканы дамыту; жазу және оқу процесіне жағымды әсер етіп, өнімділікті арттыру; шешендік өнерде өзіне деген сенімділікті қалыптастыру.

Нейрогимнастиканың миға пайдалы әсері шетелде де, Қазақстанда да ғылыми зерттеулермен дәлелденген. Қазірдің өзінде дене шынықтыру мен жаттығуларды ұйымдастыру тәсілі ескіргенін, дене шынықтырумен айналысу деңгейінің жыл сайын төмендеп бара жатқанын байқау қиын емес. Танымдық қабілеттердің дамуы үздіксіз қозғалыспен байланысты. Көптеген ата-аналар бұл қарым-қатынас туралы білмейді, сондықтан олар белсенді демалысты ұйымдастыруды мақсат етпейді. Сондықтан мектептегі оқу процесінде үзілістерді ұйымдастыруда мұғалімдерге аса сақтық пен ұқыптылық қажет.

Нейрогимнастика бұл жағдайда физикалық минуттардың ең тиімді және қол жетімді түрі ретінде әрекет етеді, оны мектептегі оқыту процесіне енгізу қарқынды жүргізіліп келеді, бұл дегеніміз облысымызда логопед-дефектолог мамандары жұмысының даму көрсеткіші саналады. Аталған жаттығуларды негізінен дамуында қиындықтары бар балалармен жұмыста қолданғанына қарамастан, «нормадағы» балаларға оң әсері де анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Варенцова И.А., Суруевгин А.Д. Развитие физической подготовленности лиц с детским церебральным параличом среднего школьного возраста // Научно-образовательный журнал для студентов и преподавателей «StudNet». - 2022. - №6.
2. Деннисон П. «Гимнастика мозга» Книга для учителей и родителей/ П. Деннисон. - СПб. - Санкт-Петербург: Весь, 2020. - 320 с.

Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы
"Шелек ауылындағы гимназия" КММ
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-модератор
Абженбаева Эльмира Абилмажиновна



БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА САБАҚТА МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ДИДАКТИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Қазіргі жағдайда, балалар жас кезінен бастап жаңа ақпараттық орта жағдайында дамиды: теледидарды, ғаламторды, компьютерлік бағдарламаларды пайдалану. Ақпаратты қабылдаудың жаңа түрі қалыптасуда, оны қазіргі қоғамтанушылар "Экрандық мәдениет" деп атайды. Қазіргі бала үшін оқулық немесе мұғалімнің сөзі сияқты дәстүрлі ақпарат көздері өзінің бұрынғы маңыздылығын жоғалтуда, бұл оқу процесіне қызығушылықтың төмендеуіне әкеледі. Маған тек дәстүрлі оқыту әдістерін қолдана отырып, балалардың әртүрлі құзыреттіліктерін, оның ішінде танымдық, коммуникативті, әлеуметтік, ақпараттық-зерттеу мәдениетін дамыту үшін қалыптастыру және дамытуда бұл мәселені шешу мүмкін емес болып табылады.

Сондықтан менің алдымда бастауыш сыныпта сабақ барысында және сабақтан тыс уақытта заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде оқыту процесін ұйымдастыру қажеттілігі туындады. Менің міндетім - интерактивті-дидактикалық технологиялар сабақтарымның ажырамас органикалық бөлігіне айналуы үшін мұғалім ретіндегі іс-әрекетіме органикалық түрде араласуы.

Интерактивті технологиялар-бұл баланың мультимедиялық экрандар, интерактивті тақталар мен үстелдер, компьютерлер қолданылатын оқыту жүйесінің белсенді қатысушысы болу процесі.

Интерактивті-дидактикалық технологиялар негізінде өзара әрекеттесу тұлғаның әлеуметтену және даму процесін қолдайды, сонымен қатар бұрыннан бар дағдылардың дамуы мен интеграциясын тексеруге мүмкіндік береді. Балалардың интерактивті-дидактикалық технологиялар арқасында балалар бір-бірімен тезірек байланыс орнатады, оқуға белсенді қатысуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, интерактивті технологиялар реакция қарқынын жеделдетуге көмектеседі және сонымен бірге олардың жағымсыз және жағымды эмоцияларын білдіруге мүмкіндік береді.

Интерактивті-дидактикалық оқытудың мәні-балалардың барлығы дерлік таным процесіне қатысады. Интерактивті-дидактикалық технология балаларда жаңа қасиеттер мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған:

- әр баланың жеке зияткерлік белсенділігі жанданады;
- тұлғааралық қатынастар дамиды, балалар қарым-қатынастағы коммуникативті кедергілерді (қаттылық, сенімсіздік) жеңуге үйренеді, сәттілік жағдайы қалыптасады;
- әр баланың өзі- өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту үшін жағдайлар жасалады.

Интерактивті және мультимедиялық құралдар балаларды шабыттандыруға және жаңа білімді игеруге шақыруға арналған. Интерактивті тақта оқу ақпаратын ұсыну мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді, баланың ынтасын арттыруға мүмкіндік береді. Мультимедиялық технологияларды (түстер, графика, дыбыс, заманауи бейне жабдықтары) қолдану әртүрлі жағдайлар мен орталарды модельдеуге мүмкіндік береді. Мультимедиялық бағдарламаларға енгізілген ойын компоненттері балалардың танымдық белсенділігін арттырады және материалды игеруді күшейтеді.

Интерактивті тақталар, компьютерлер сияқты интерактивті оқыту құралдары балалардың дамуын диагностикалауда керемет көмекші болады:

- зейінді дамыту;
- есте сақтау;
- ойлау;
- сөйлеу;
- оқу іс-әрекетінің дағдылары.

Ақпараттық мәдениетке ену-бұл компьютерлік сауаттылықты игеру ғана емес, сонымен қатар этикалық, эстетикалық және интеллектуалды сезімталдықты арттыру. Әртүрлі электронды, компьютерлік инновациялармен жұмыс істеуді балалардың оңай меңгеретіні күмән тудырмайды; сонымен бірге олардың компьютерге тәуелді болмай, адамның жанды, эмоционалды қарым-қатынасын бағалай білуі және оған ұмтылуы маңызды.

Интерактивті кешендерді қолдана отырып оқыту сапалы, қызықты және нәтижелі болады. Оқу процесінде электрондық мультимедиялық оқыту бағдарламаларын жүйелі пайдалану жағдайында дәстүрлі оқыту әдістерімен және педагогикалық инновациялармен үйлесімде көп деңгейлі дайындығы бар балаларды оқытудың тиімділігі едәуір артады. Бұл ретте бірнеше технологиялардың бір мезгілде әсер етуіне байланысты білім беру нәтижесінің сапалы күшеюі байқалады. Электрондық оқытуда медианы қолдану балаларға ақпарат беру жылдамдығын арттырып, оны түсіну деңгейін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар интуиция, бейнелі ойлау сияқты маңызды қасиеттердің дамуына ықпал етеді.

Сабақтарда интерактивті тақтаны қолдану әдістері тек сіздің қиялыңызбен шектелуі мүмкін. Бұл презентациялар да, интерактивті оқыту бағдарламалары және графикалық, бағдарламалық жобалар құру да болуы мүмкін.

Интерактивті дидактикалық ойын-бұл органикалық бірлікте әрекет ететін білім беру, дамыту және тәрбиелеу функциялары бар оқыту мен тәрбиелеудің заманауи және танылған әдісі.

Интерактивті дидактикалық ойындарды оқыту, тәрбиелеу және дамыту құралы ретінде кеңінен қолдануға болады. Оқытудың негізгі әсері балалардың белсенділігін белгілі бір бағытқа бағыттайтын дидактикалық материалға жатады.

Интерактивті дидактикалық ойынның белгілі бір нәтижесі бар, ол ойынның соңы болып табылады, ойынға толықтық береді. Ол, ең алдымен, тапсырманы шешу түрінде әрекет етеді және мектеп жасына дейінгі балаларға моральдық және психикалық қанағат береді. Мұғалім үшін ойынның нәтижесі әрқашан балалардың жетістіктері деңгейінің немесе білімді игерудің немесе оларды қолданудың көрсеткіші болып табылады. Интерактивті дидактикалық ойындарды танымдық, бақылаушы, жалпылау деп бөліп қарастыруға болады.

Егер ойынға қатысатын балалар жаңа білім, білік және дағдыларды игерсе немесе оларды ойынға дайындалу барысында игерсе, ойын танымдық болады. Сонымен қатар, білімді меңгерудің нәтижесі соғұрлым жақсы болады, танымдық әрекет мотиві ойында ғана емес, материалдың өзінде де соғұрлым айқын көрінеді. Ойынның дидактикалық мақсаты бұрын алған білімдерін қайталау, бекіту, тексерболса, онда ойын бақылаушы болады. Оған қатысу үшін әр балаға белгілі бір дайындық қажет.

Жалпылау ойындары білімді біріктіруді талап етеді. Олар әртүрлі жағдайларда әрекет ету қабілетін меңгеруге бағытталған пәнаралық байланыстарды орнатуға ықпал етеді. Осылайша, интерактивті-дидактикалық оқыту педагогиканың қызықты, шығармашылық, перспективалық бағыты екені сөзсіз. Бұл бастауыш сынып оқушыларының психологиялық мүмкіндіктерін ескере отырып, олардың барлық мүмкіндіктерін жүзеге асыруға көмектеседі.

Мультимедиялық технологияны қолдану балалардың қоршаған әлем туралы, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасы туралы білімдері мен түсініктерін байытуға мүмкіндік береді, балаларды әлеуметтік қатынастар жүйесінде белсенді өзара әрекеттесуге шақырады.

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы
«Есенов колледжі» ЖШС
Педагогика және психология пәні оқытушысы
Айдар Индира Сисенғалиқызы



МЕКТЕПТЕ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Білім беру мекемелерінің психологиялық қызметінің жұмысы оқушылардың психикалық және психологиялық денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған, бұл өз кезегінде олардың оқу мотивациясын жақсартуға, психикалық процестерді тұрақтандыруға, өнімділікті арттыруға, мінез-құлық мәселелерінің пайда болу қаупін азайтуға әкеледі. Осы мақсатқа жету үшін психологиялық қызметтің ғылыми және әдістемелік аппараттарын жетілдіру қажет; білім беру мекемесінде баланы қоршап тұрған барлық ересектердің, атап айтқанда: педагогтардың, психологтардың, мектеп әкімшілігі мен ата-аналардың қызметін үйлестіру. Бұл мәселені шешуге практикалық білім беру психологының негізгі қызмет түрлеріне сәйкес және белгілі бір білім беру мекемесінің нақты жағдайларын ескере отырып жасалған әртүрлі психикалық және психологиялық денсаулық бағдарламаларын іске асыру ықпал етуі мүмкін.

Педагог-психологтың қызметі, әдетте, келесі негізгі бағыттарды қамтиды: психологиялық білім беру, психологиялық профилактика, психодиагностика, психологиялық түзету, оқушылардың жеке басын дамыту бойынша жұмыс, психологиялық кеңес беру. Педагог-психолог қызметінің барлық бағыттары іс жүзінде тығыз бірлікте және өзара байланыста болады.

Білім беру саласында жұмыс істейтін педагог-психолог әр түрлі жастағы балалармен айналысады. Оқушылардың жан-жақты интеллектуалды, жеке дамуы әр жас кезеңіндегі балалардың толыққанды өмір сүруін қамтамасыз ететін және сол арқылы олардың жеке шығармашылық потенциалдарын жүзеге асыруға ықпал ететін оңтайлы психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасауды талап етеді. Оларға мектеп жылдарында осы жолды ойдағыдай өтуге көмектесу-балалар практикалық психологының ең қиын міндеттерінің бірі.

Білім беру мекемесінің қажеттіліктеріне, сондай-ақ психологтың кәсіби қалауына байланысты білім беру процесіне қатысатын оқушылар мен ересектерге психологиялық көмектің әртүрлі модельдері жүзеге асырылуы мүмкін. Оларда психологиялық қызметтің жоғарыда қарастырылған барлық бағыттары әртүрлі үйлесімде ұсынылуы мүмкін.

Өз жұмысын жоспарлау кезінде педагог-психологқа келесі критерийлерге сүйенуі қажет.

1. Баланың мектеп өмірінде бірнеше объективті қиын кезеңдер бар, олар тек білім алу барысында ғана емес, сонымен қатар сыртқы жағдайларды жеңу процесінде де өзінің жеке әлеуетін барынша пайдалануы керек. Мұндай кезеңдерге бірінші сынып оқушыларының мектепке бейімделу кезеңі, бірқатар мектептерде сынып ұжымдарын қайта құрумен қатар жүретін орта буындағы оқытудың басталуы (5-сынып), 10-сыныптағы оқытудың басталуы жатады.

2. Белгілі бір жас кезеңі белгілі бір психикалық процестер мен қасиеттердің, тұлғаның психологиялық қасиеттерінің дамуына, сондықтан психологиялық-педагогикалық әсердің белгілі бір түріне сезімтал. Сондықтан бала әр жас кезеңінде ерекше көмекке мұқтаж.

3. Әр жас кезеңіндегі баланың толыққанды өмір сүруі оны келесі жас кезеңіне өтуге дайындайды, бұл үшін қажетті психологиялық неоплазмалардың қалыптасуына мүмкіндік береді.

Психопедагогикалық бағдарламаларды әзірлеуде "жақын даму аймағы" принципін қолдану оқушының жақын арада қол жеткізе алатын даму деңгейін жобалауға мүмкіндік береді. Бастауыш мектеп жасында баланың психикалық және жеке дамуын анықтайтын жетекші іс-әрекет оқу әрекеті болып табылады. Сондықтан бастауыш мектеп жасындағы балаларға психологиялық көмек танымдық процестерді дамытуға және қажет болған жағдайда түзетуге бағытталуы керек. Жасөспірімдер мен жоғары сынып оқушыларының "жақын даму аймағы" өзін-өзі тану, жеке өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі реттеу, интеллектуалды және жеке рефлексия мәселелері кеңістігінде ересектермен ынтымақтастықты қамтиды. Осыны ескере отырып, осы жастағы оқушыларға психологиялық көмек адамгершілік құндылықтарды, өмірлік перспективаларды, өмірдің жеке мағыналарын қалыптастыруға, өздерін, мүмкіндіктерін, қабілеттерін, мүдделерін білуге жағдай жасауға бағытталуы керек.

Бірінші сынып оқушылары үшін оқудың бастапқы кезеңі өте қиын, өйткені ол бүкіл өмір салты мен белсенділігін қайта құрылымдауға әкеледі. Баланың дамуы мен өмірін анықтайтын орын факторы, әлеуметтік жағдайлар өзгеруде. Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі орынның өзгеруі – оқушы, мектеп оқушысы позициясына ауысуы, баланың психологиялық ашықтық жағдайын туғызады. Кіші мектеп жасының басталуы баланың мектепке барған сәтімен анықталады.

Осы кезеңде баланың одан әрі физикалық және психофизиологиялық дамуы жүреді, бұл мектепте жүйелі білім алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Ең алдымен, ми мен жүйке жүйесінің жұмысы жақсарады.

Физиологтардың айтуынша, 7 жасқа қарай ми қыртысы едәуір жетілген. Алайда, ақыл-ой әрекетінің күрделі түрлерін бағдарламалауға, реттеуге және басқаруға жауапты мидың ең маңызды, ерекше бөліктері осы жастағы балаларда әлі қалыптасуын аяқтамаған (мидың фронтальды бөліктерінің дамуы тек 12 жасқа дейін аяқталады), нәтижесінде қыртыс асты құрылымына кортекстің реттеуші және тежегіш әсері адекватты емес екені анықталды. Кортекстің реттеуші қызметінің жетілмегендігі осы жастағы балаларға тән мінез-құлық, іс-әрекетті ұйымдастыру және эмоционалдық сфера ерекшеліктерінен көрінеді: кіші жастағы оқушылардың зейіні тез ауытқиды, ұзақ уақытқа шоғырлануға қабілетсіз, қозғыш, эмоционалды болып келеді.

Мектепте оқудың басталуы баланың дамуындағы әлеуметтік жағдайдың түбегейлі өзгеруіне әкеледі. Ол "әлеуметтік" субъектіге айналады және қазір әлеуметтік маңызды міндеттерге ие, олардың орындалуы қоғамдық баға алады. Баланың өмірлік қатынастарының бүкіл жүйесі қайта құрылады және көбінесе оның жаңа талаптарды қаншалықты сәтті орындайтындығымен анықталады.

Мектептегі тәрбиенің басталуы деп негізгі психикалық өзгерістер қалыптасатын бастауыш мектеп жасындағы жетекші іс-әрекет ретінде ойын әрекетінен оқу әрекетіне өтуді білдіреді. Сондықтан мектепке бару баланың өміріне үлкен өзгеріс әкеледі. Оның бүкіл өмір жолы, ұжымдағы, отбасындағы әлеуметтік жағдайы күрт өзгереді. Оқыту басты, жетекші іс-әрекетке айналады, ең басты парыз – оқу, білім алу. Бұл баладан ұйымшылдықты, тәртіпті, ерік-жігерді қажет ететін күрделі жұмыс.

Л.С. Выготский баланың психикалық дамуын кезең-кезеңмен жүргізуге жетекші қызмет ұғымын негіздеді. Психикалық дамудың әр кезеңінде жетекші қызмет өте маңызды. Сонымен қатар, басқа іс – шаралар жоғалып кетпейді-олар бар, бірақ параллель өмір сүреді және психикалық даму үшін маңызды емес юолып келеді.

З.Фрейд психоаналитикалық теорияда тұлғаның дамуын биологиялық факторлардың әрекетімен және ерте отбасылық қарым-қатынас тәжірибесімен түсіндірді. Балалар психикалық дамудың 5 кезеңінен өтеді, әр кезеңде баланың қызығушылықтары дененің белгілі бір бөлігінің айналасына шоғырланады. 6-12 жас жасырын кезеңге сәйкес келеді. Осылайша, оқушылар өмір бойы қолданатын барлық жеке қасиеттер мен жауап нұсқаларын қалыптастырды. Бастауыш сынып оқушысының психологиялық құрылымында болып жатқан түбегейлі өзгерістер баланың осы жас кезеңінде даму мүмкіндіктерінің кең екендігін көрсетеді. Бұл кезеңде сапалы жаңа деңгейде баланың белсенді субъект ретінде дамуының, қоршаған әлемді және өзін танып білудің, осы дүниеде әрекет етудің өзіндік тәжірибесін алудың әлеуеті жүзеге асырылады. Бастауыш мектеп жасы сезімтал:

Сонымен, бастауыш сынып жасы – білімді жинақтау, білімді ең жақсы меңгеру кезеңі. Бұл жаста көптеген мәлімдемелер мен әрекеттерге еліктеу интеллектуалдық дамудың маңызды шарты болып табылады. Ерекше болжамдылығы, әсерлілігі, кіші жастағы оқушылардың ақыл-ой әрекетінің қайталауға бағытталуы, ішкі қабылдауы, психикасының дамуы мен байытылуына қолайлы жағдай жасау қажет. Бұл қасиеттер, көп жағдайда, олардың жағымды жағы болып табылады және бұл осы дәуірдің ерекше өзіндік ерекшелігі. Демек, мектеп табалдырығын аттағаны тану мен білуге деген қажеттілікті қалыптастыруға, тұлғалық сезімнің дамуына ықпал етеді.

Астана қаласы
Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназиясы
Дене шынықтыру пәні мұғалімі
Сержан Саяхат



ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНДА ФИЗИКАЛЫҚ DAҒДЫЛАРДЫ БАСКЕТБОЛ ОЙЫНЫ АРҚЫЛЫ ДАМУ

Дене шынықтыру кез-келген оқушыны оқытуда маңызды фактор болып табылады, өйткені ол әр адамның, әсіресе баланың физикалық және психикалық дамуына айтарлықтай әсер етеді. Дене жаттығулары жүйке жүйесінің және жалпы оқушының шаршауын азайтуға көмектеседі, оның өнімділігін, иммунитетін және ақпаратты қабылдау қабілетін арттырады, моральдық және рухани дамуға ықпал етеді. Физикалық белсенділік әр оқушының мықты физикалық денсаулығын қалыптастыруда, әртүрлі моториканы қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, сонымен қатар жалпы эмоционалды фонды нығайтуға көмектеседі, психологиялық разряд береді және жай ғана рахат әкеледі. Қазіргі заманғы оқу процесі оқушылардан зейінді шоғырландыру және бөлу, жедел жады мен ойлауды дамыту, ақпаратты өңдеу жылдамдығы, ерікті қасиеттерді дамыту, еңбексүйгіштік, төзімділік дағдыларын талап етеді және көптеген адамдар спорттық ойынды жастар арасында өте танымал қазіргі өмірдің үлгісі ретінде қарастырады.

Дене тәрбиесі сабағында оқушылар денені шынықтырып, денсаулықтарын нығайтады және жан жақты дамытады. Дұрыс таңдалған жаттығу жүйесі көптеген созылмалы аурулардың жақсы алдын-алу болып табылады және тірек-қимыл аппаратының көптеген мәселелерін шешуге көмектеседі. Ойын оқушыларды жылдамдыққа, төзімділікке ептілікке тәрбиелейді. Сондай спорт ойындарының бір түрі баскетбол ойыны. Баскетбол-бұл адамның әртүрлі моторикасын дамытатын спорт түрі.

Баскетбол ойнау барысында моторлық (физикалық) қабілеттер дамиды:

- жылдамдық;
- жылдамдық күші (серпіліс, доппен және допсыз секіру, лақтыру және Пас беру және т. б.);
- төзімділік (доппен және допсыз жаттығуларды әр түрлі, көбінесе жоғары жылдамдықпен ұзақ орындау).

Баскетболға негізделген жаттығулар жүйесі орта мектеп оқушысының денесіндегі психикалық процестердің дамуына көпжақты әсер етеді. Олар қабылдауды, зейінді, есте сақтауды жақсартады, қиял мен ойлауды дамытады, бұл ережелерді сапалы қабылдау мен орындаудың негізі болып табылады, жаттығулардың өзі де, ойын шарттары да, жеке ойыншының да, жалпы команданың да әрекеттерін үйлестіру. Баскетбол бастапқыда қыс мезгілінде тек гимнастикамен айналысудан шаршаған оқушыларға арналған ойын ретінде ойластырылған, кейіннен ол XIX ғасырдағы АҚШ-тың спорт клубтарында, мектептерінде, университеттерінде кең таралған.

Баскетбол біздің қазіргі түсінігімізде қозғалыс белсенділігінің жоғары деңгейімен және үлкен физикалық белсенділікпен сипатталады. Ол көптеген қарсыластармен қоршалған серуендеуді, жүгіруді, тоқтауды, бұрылыстарды, секіруді, аулауды, лақтыруды және дриблингті біріктіреді. Бүгінгі таңда баскетбол-бұл ойын, спорт түрі ғана емес, сонымен қатар адамның физикалық дағдыларының белгілі бір қабатын дамытуға мүмкіндік беретін арнайы жаттығулар жүйесі.

Оқушылар үшін баскетбол-бұл мектептің оқу бағдарламасына енгізілген қызықты спорттық ойын ғана емес, сонымен қатар дене тәрбиесінің тиімді құралы. Баскетбол физикалық белсенділіктің максималды деңгейімен ерекше мобильді ойын ретінде балалардың денсаулығын нығайту, ептілік пен

үйлестіруді, реакция жылдамдығын дамыту, сондай-ақ олардың мінезін қатайту, ұжымшылдық пен бәсекелестік рухын, жауапкершілікті тәрбиелеу мәселелерін шешеді.

Жеке, екі, үш, командаларда, ашық ойындарда және доп тапсырмаларында орындалатын арнайы таңдалған ойын жаттығулары, ең алдымен, үйлестіру қабілеттерін дамыту үшін шексіз мүмкіндіктер жасайды: - кеңістіктегі бағдарлау; - реакция жылдамдығы; - қозғалыс әрекеттерін қайта құру; - қозғалыстардың кеңістіктік, күштік және уақыттық параметрлерін саралау және бағалау дәлдігі; - жеке қозғалыстарды тұтас комбинацияларға сәйкестендіру қабілеті.

Баскетболдың ерекшелігі-жағдайлардың лезде өзгеруі, күрделі қозғалыс белсенділігіне бағдарлану, әртүрлі әрекеттерді орындау, доппен және допсыз әртүрлі моторлық әрекеттерді орындау. Моториканы немесе дағдыларды дамыту-бұл кейбір қарапайым әрекеттерді автоматизмге жеткізуге мүмкіндік беретін ұзақ, күрделі және ауыр процесс. Баскетбол оқушылар мектеп оқушыларында дриблинг, допты командаласқа дәл беру, қарсыласын айналып өту, үш аймақтан (айыппұл, екі, үш ұпай) сақинаға соғу сияқты дағдыларды дамытады, олар әртүрлі ұпай санымен бағаланады. Алайда, бұл дағдылар ойын барысында өте дәл және тиімді болуы үшін мектеп оқушыларына жылдамдықты, күшті, ептілікті, төзімділікті дамытуға ықпал ететін дене шынықтырудың кем дегенде негізгі деңгейі болуы керек.

Дене шынықтырудың маңызды ерекшелігі-оны дайындықтың басқа түрлерінен, атап айтқанда арнайы моториканы игеруден бөлудегі қиындықтар. Күш, төзімділік, жылдамдық өздігінен көрінбейтіндіктен, олардың болуы тек белсенді әрекеттер аясында мүмкін болады. Осылайша, кез-келген моториканың өзегі физикалық қасиеттерден тұрады. Бұл қозғалыстардың тиімділігі олардың орындалуының дұрыстығына ғана емес, сонымен қатар физикалық қасиеттердің көріну дәрежесіне де байланысты. Сондықтан дене шынықтыру ойынның техникасы мен тактикасын меңгерумен тікелей байланысты және олардың оңтайлы жетістіктерін қамтамасыз етуге арналған.

Баскетбол ойнау дағдыларын игергісі келетін оқушылар үшін жалпы және арнайы дене шынықтыру әдістері әзірленіп, баскетбол секциялары ашылды.

Жалпы дене шынықтыру-бұл негізгі сипаттағы немесе жан-жақты физикалық дайындықтағы физикалық қасиеттерді дамытуға қажетті және алдағы күрделі арнайы дене шынықтыруға көшуге бағытталған жаттығулар жиынтығы. Жалпы дене шынықтыру, ең алдымен, мыналарды қамтиды:

- қатысушылардың жан-жақты физикалық дамуы;
- денсаулықты нығайту;
- функционалдылықты арттыру;
- спорттық жұмысқа қабілеттілікті сатып алу;
- негізгі физикалық қасиеттерді дамыту және т. б.

Арнайы дене шынықтыру-бұл ойын дағдыларын тікелей игеруге бағытталған дайындық (дриблинг, пас беру, допты себетке лақтыру және т.б.). Сонымен қатар, дене шынықтыру оңтайлы нәтижеге жету үшін қажетті құралдар спектріне ие. Атап айтқанда, бұл:

- аяқтың, қолдың және дененің бұлшық еттерінің күшін дамытуға арналған жалпы және арнайы әсер ететін күш және жылдамдық жаттығулары;
- төзімділікті дамытуға арналған жалпы және арнайы әсер ету жаттығулары (жылдамдық және жылдамдық);
- қозғалыс жылдамдығы мен жылдамдығын дамытуға арналған жалпы және арнайы әсер ету жаттығулары (жылдамдық баскетболдағы негізгі элемент болып табылады, сонымен қатар баскетболшының маңызды қасиеттерінің бірі болып табылады);
- ептілікті дамыту үшін жалпы және арнайы әсер ету жаттығулары (ептілік-бұл тамаша үйлестіру, ойынның өзгеретін жағдайына сәйкес әрекеттерді бақылау);
- икемділікті дамыту үшін жалпы және арнайы әсер ету жаттығулары (жеке ойыншының қозғалыс амплитудасы неғұрлым көп болса, бүкіл команданың ойыны соғұрлым тиімді болады).

Осылайша, физикалық дағдылардың өзегі болып табылатын тиісті физикалық дайындықсыз моториканы дамыту мүмкін емес. Оқушылар үшін физикалық белсенділік форманы қолдаудың оңай әдісі емес, сонымен қатар эмоционалды разряд пен энергия зарядының құралы болып табылады. Сонымен қатар, баскетбол балаларда допты жылдам беру, қарсыласты айналып өту, допты себетке соғу және т.б. сияқты пайдалы моториканың барлық кешенін дамытады, сонымен қатар осы ойынға негізделген физикалық жаттығулар дене шынықтыруды сақтауға және жақсартуға ықпал етеді, оқушылардың денсаулығына оң әсер етеді.

Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы
"№13 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-модератор
Наубетова Даурия Исекеновна



БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ – ОҚИТУ САПАСЫН АРТТЫРУ КЕПІЛІ

Жаңартылған білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер, білім беру жобасын іске асыруда қазіргі заманғы мұғалімдерге жаңа талаптар қойды. Құзыреттілік – қандай да бір оқу пәнін оқыту үдерісінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар жиынтығы, сонымен қатар, қандай да бір қызметті орындай алу қабілеттілігі. Дұрыс ұйымдастырылған әдістемелік пен оның кәсіби дамуға бағытталған жұмыстары ғана жаңашылдық кепілі болады. Сол себепті, мұғалімдерді кәсіби біліктілігін арттыруда педагогтардың өздеріне бағытталған іс – әрекеттерін жаңаша ұйымдастыру өте маңызды. Мұғалімнің шеберлігі мен жетістігі – сапалы білім және жақсы тәрбие алған шәкіртінде. Бұл-қоғам талабына сай туындайтын қажеттілік. Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: «Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады». Мұғалімнің ізденісі, жан-жақтылығы, білімін қаншалықты жетілдіргенімен айқындалады. Шығармашылық әлеуеті дамыған мұғалім өз кәсібін жете меңгеріп қана қоймай, өзін-өзі жан-жақты дамытуға қол жеткізеді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі мен кәсіби қызметіне дайындық деңгейінің мониторингі, шешім қабылдау, оқу міндеттерін қою, оқушылардың ерекшеліктерін зерттеу, диагностикалық әдістер мен сараланған тапсырмаларды қолдану, танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың белсенді формаларын қолдану, өзара әрекеттесудің әртүрлі түрлерін ұйымдастыру қабілеттерін талап етеді. Сонымен қатар, олардың танымдық белсенділігін ынталандыру үшін оқушыларға эмоционалды әсер ету әдістерін білу, оқу іс-әрекетінің нәтижелерін объективті бағалау, аудиторияда психологиялық жайлы атмосфера құру, әріптестердің педагогикалық тәжірибесін зерттеу және пайдалануды қамтамасыз етеді.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзырлығының құрылымдық компоненттерін талқылайық.

- Теориялық дайындық бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзырлығының бірінші компоненті болып табылады, бұл болжамдық іскерліктерді, проективті іскерліктерді, рефлексивті іскерліктерді талап етеді.

- Практикалық дайындық бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзырлығының екінші компоненті болып табылады. Бұл ұйымдастырушылық іскерліктерді және коммуникативтік іскерліктерді талап етеді.

Мұғалімнің сыни ойлау және мәселелерді шешу дағдылары; мәдениетаралық түсіністік; шығармашылық және жаңашылдық қабілеттері; жоғары түрткі, оң сенім, практикалық білім және АКТ дағдылары сияқты маңызды қасиеттері туралы да айту қажет. Алайда, кәсіби құзыреттіліктің мұндай жіктелуі оның аяқталғанын білдірмейтінін атап өту керек, өйткені көптеген құзыреттер жеке тұлға әлеуетіне, әлеуметтік-мәдени қамтылуына байланысты өзгермелі болып келеді. Осылайша, бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігінің құрылымдық компоненттерін, жоғарыда аталғандай, әртүрлі көзқарас бойынша қарастыру, оның көпқырлы және өзгермелі түсінік екендігін анықтайды. Оның мәні қоғамда, білім беру жүйесінде, ғылымда, мәдениетте болып жатқан өзгерістерге сәйкес ауыстырылады және әртүрлі көзқарастар бойынша қарастырылады.

Мұғалімнің құзыреттілік моделі. Қазіргі мұғалімнің құзыреттілік моделін оған кіретін элементтердің құрамы түрінде ұсынуға болады:

- Педагогикалық қызметке қатысты кәсіби құзыреттілік дегеніміз-мұғалімнің жеке басы мен кәсібилігінің интегралды сипаттамасы, оның кәсіби мәселелерді тиімді шешу қабілетін анықтайды, нақты жағдайларда педагогикалық қызметте пайда болады. Сонымен бірге мұғалім өзінің білімін, дағдыларын, тәжірибесін, өмірлік құндылықтары мен адамгершілік бағдарларын, қызығушылықтары мен бейімділігін пайдалануы керек.

- Арнайы құзыреттілік – өзінің кәсіби қызметпен жоғары деңгейде айналысатын және өзінің кәсіби дамуын одан әрі жобалай білетін қабілет. Мұғалім үнемі ізденісте бола отырып, жаңаша оқытуды іске асыруда түрлі инновациялық технологиялардың әдіс-тәсілдерін өз ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктеп қолданады. Сонымен қатар психологиялық-педагогикалық білімін жетілдіріп үйренумен қатар, сол білімін өз ісінде шебер сұрағына жауап беруге даяр болуға тиіс.

- Әлеуметтік құзыреттілік – бірлескен кәсіптік қызметпен айналысу қабілеті, ұжыммен, топпен қызмет ету, кәсіби қарым – қатынас тәсілдерін қолдана білу. Яғни, мұғалім оқушылармен қарым – қатынаста тактикасын баланың жасы, рухани өсуіне байланысты өзгертіп отыруы керек. Оқушыларды топтық, ұжымдық жұмыстар жасай алуға, соның ішінде жеке тұлғаның дамуына мән беруі керек.

- Пәндік құзыреттілік – білім беру қызметінде белгілі бір пәндер шеңберіне қатынасты білім, біліктілігі және дағдысы мен іс – әрекетінің сапалар жиынтығы. Педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу іскерлігі.

- Ақпараттық құзыреттілік – айрықша назар аударуды қажет етеді. Себебі, ақпараттық қарым – қатынас технологиясын игеру әр маманнан талап етіледі. Ақпараттық ресурс – ақпарат көзін алу мультимедиялық, электрондық, жалпы ақпараттық технологияларды меңгеруі тиіс.

Құндылықты анықтайтын кәсіби қасиеттер:

- оқушыларға мейірімділікпен және қызығушылықпен қарау;
- әріптестер мен оқушылардан сындарлы сын қабылдауға, өз қызметіне тиісті түзетулер енгізуге дайын болу;

- әлеуметтік жағдайға және қоршаған әлемге өз көзқарасыңыз бар және оқушылармен өз көзқарасыңызбен бөлісе аласыз;

- сынға және рефлексияға қабілетті болу;

- басқа құндылықтары, мүдделері мен қабілеттері бар басқа адамдарды түсіну;

- өз ұстанымыңыз бен оқу тәсіліңіз болуы;

Мұғалім өз ісінің маманы болуымен қатар, оның бойында баланы жақсы көру, баланың көзқарасын мен пікірін сыйлау, тек өз пәнінің төңірегінде ғана қалып қоймай, қоғамда болып жатқан өзгерістерге құлағы түрік, көзі ашық, жан-жақты талдау жасай білетін маман болуы шарт. Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының: «Бала оқытуды жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білуі керек» деген тұжырымында «Шығармашыл ұстаз шығармашыл шәкірт дайындайды» деген ой айқын аңғарылады.

Сөзімді қорыта келе айтарым, жоғарыда аталған құзыреттіліктерді меңгерген мұғалім – шығармашыл шәкірт дайындауға даяр.

Алматы облысы, Жамбыл ауданы
«Қайназар ауылындағы №1 орта мектеп бастауыш мектебі» КММ
Педагог-психолог
Тұрсымбек Несіпхан Бақытқызы



ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІСІ ЖӘНЕ МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Мектепті модернизациялаудың негізгі мақсаты – білім беру және еңбек нарығында жан-жақты бәсекеге қабілетті, оқушының заманауи тұлғасын қалыптастыруға жағдай жасау.

Қазақстанда болып жатқан білім беру мазмұнының сапалық өзгерістері дамудың мәдени-тарихи педагогикасы тұрғысынан қарастырылатын тұлғаның тұлғалық көзқарасының өзгеруін қамтиды. Қазақстанның білім беру жүйесінде балаға оқу-тәрбие процесінде қолдау көрсету мен көмек көрсетудің ерекше мәдениеті – психологиялық-педагогикалық қолдау дамып келеді. Қазақстандық білім беруді жаңғырту тұжырымдамасы бірінші кезектегі міндеттерді айқындайды, оларды шешу психологиялық-педагогикалық қолдаудың барабар жүйесін құруды талап етеді.

Мектептің педагогикалық ұжымының алдында баланы дамыту, оқыту, тәрбиелеу, әлеуметтендіру мәселелерін шешуде педагог пен психологтың күш-жігерін біріктіру және қолдау көрсету міндеті тұр.

Жалпы білім беру жүйесінде жалпыға бірдей білім беру қызметін дамыту тұжырымдамасын әзірлеу жаңа әлеуметтік талаптарға жауап береді. Білім берудің мақсаты – оқушылардың жалпы мәдени, тұлғалық және танымдық дамуы. Жаңа білім беру стандарттарының басым бағыты – жалпы орта білім берудің дамушы әлеуетін жүзеге асыру, кезек күттірмейтін міндет – білім беру өзегінің өзекті психологиялық құрамдас бөлігі ретінде жалпыға бірдей білім беру қызметін дамытуды қамтамасыз ету саналады.

Педагогикалық білім беру парадигмасын өзгерту және оның мәні бойынша психологиялық-педагогикалық білімге айналдыру өзінің кәсіби іс-әрекеті барысында оқушыларды дамытуға, олардың ерекшеліктерін ескере отырып, олардың интеллектуалдық және жеке әлеуеттік мүмкіндіктерін жан-жақты ашуға бағытталған оқытуға мүмкіндік беретін мазмұнның қажеттілігін білдіреді.

Психологтың жұмысы мектептегі оқу-тәрбие процесін басқару жүйесінің қажетті элементі болып табылады, өйткені оның қызметінің нәтижелері мектептегі білім сапасын бағалауды білдіреді, білім беру процесіне қатысушылардың психологиялық-педагогикалық дайындығын жаңғыртудың бүкіл процесін анықтайды.

Қазіргі мектепте оқу-тәрбие үрдісін тиімді жүзеге асыру үшін жеке тұлғаны қалыптастырудың, ұжымды дамытудың теориялық негіздерін, танымдық процестердің қызмет ету заңдылықтарын білу ғана емес, сонымен қатар оның жағдайын және белгілі бір оқу орнының жағдайына, белгілі бір сынып ұжымына және жеке тұлғаға қатысты осы процестердің ерекшеліктерін анықтау да қажетті. Бұл мәселелерді шешуге мектептегі психологиялық қызмет көмектесуі керек.

Мектептегі психологиялық қызмет – кешенді экспертизалық міндеттерді, кеңес беру және диагностиканың күрделі мәселелерін шешу үшін психологияны практикалық қолдану жүйесі. Мұғалімдер, мектеп әкімшілігі оқу-тәрбие процесінің әлеуеті, психологиялық ресурстары туралы нақты түсінікке ие болуы және жеке тұлға мен ұжымға практикалық педагогикалық әсер ету үшін психология

ғылымының іргелі білімдерін, жұмыс тұжырымдамалары мен әдістерін іс жүзінде жүзеге асыра білуі керек.

Мектептегі психологтың жұмысы оқу-тәрбие процесімен тығыз байланысты. Мектеп – үлкен әлеуметтік институт. Психолог балалармен ғана емес, мұғалімдермен, ата-аналармен де жұмыс істейді. Мектепте жиі бірнеше психолог (психологиялық қызмет) жұмыс істейді, өйткені психологтың қызмет аясы өте кең. Мектептегі психолог қызметінің негізгі бағыттарын қарастырайық:

- психологиялық тәрбие – оқушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары (заңды өкілдері), педагогтар мен оқу орындарының басшылары арасында психологиялық білімге деген қажеттілікті, оларды өз дамуының мүддесінде пайдалануға ұмтылысты қалыптастыру. Оқушылардың, тәрбиеленушілердің әрбір жас кезеңінде жеке тұлғаның толыққанды дамуы мен өзін-өзі анықтауы үшін жағдай жасау, сондай-ақ тұлғаның қалыптасуы мен интеллектінің дамуында мүмкін болатын бұзушылықтардың дер кезінде алдын алу;

- психологиялық профилактика – білім беру ұйымдарында білім алушылардың, тәрбиеленушілердің бейімделуінің бұзылуы құбылыстарының пайда болуының алдын алу, тәрбие, оқыту және дамыту мәселелерінде көмек көрсету үшін мұғалімдерге, ата-аналарға (заңды өкілдерге) нақты ұсыныстар әзірлеу;

